



Жалағаш ауданы К.Казантаев атындағы мәдениет Үйінде Жалағаш аудандық ерікті «Адал ұрпақ» мектеп клубтарының ІІ слеті өтті.

Рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында калыптастыру мақсатында 2016 жылдан бері Жалағаш ауданы мектептерінде «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары құрылып, кешенді жұмыстар қолға алынды.

Салтанатты жиынның алғы сөзін аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаев алып, «Адал ұрпақ» ерікті клуб мүшелері арасында облыстық, аудандық деңгейде үздік жұмыстарды көрсеткен №38, №123, №201 мектеп ұжымдарына «Үздік ұйым» номинациясын табыстады.

- Болашақтың еншісін арқалайтын жастар жанандық сын кәтерлерге тотеп беруде шар болаттай шындалған рух пен онегелі ілімді бойына үштастыра білуі қажет. Ал, сол сын кәтерлердің басында қоғамдағы сыбайлас жемқорлық та бар. «Адал Үрпак» ерікті мектеп клубтары - рухани-адамгершілік түргыда оқушыларды онегелі, жауапкершілігі жоғары, патриоттық рухы бекем болуға баулитын бастама, - деді аудан басшысы өз сөзінде.

Слет барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басқарма басшысы Еркебулан Сарымбетов сөз алып, «Адал үрпак» еріктілер клубына жанадан қабылданған оқушыларға клуб мүшесі куәлігін табыстады.

Жиында сонымен қатар, Жалағаш ауданы прокуроры Мадияр Бекпанов рухани адамгершілік, азаматтық, патриоттық тақырыбында ұйымдастырылған «Адал жол» оқушылар шығармашылығы қормесінің үздіктерін марапаттады.

Айта кету керек, аудан мектептеріндегі 20 «Адал үрпак» еріктілер клубтарында белсенді де бастамашыл 238 оқушы мүше.

Жалағаш ауданы әкімінің баспасөз қызметі